

# 8-тарау.

## Қаржылық бақылау

8.1.

**Қаржылық бақылау: мағынасы, мәні, мақсаттары, тапсырмалары, субъектілері мен объектілері**

Кез келген мемлекет, өзінің қаржы қызметтің іске асыру жөніндегі нұсқауларының сөзсіз орындалуына, ал мемлекеттік қаражаттардың үнемді, ұтымды және тиімді жүмсалуына мүдделі. Осы және осындай сұрақтарды мемлекет қаржылық бақылау көмегімен шешуге тырысады.

Қаржылық бақылау экономика жағдайына, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестердің дамуына бақылау жасаудың бір бағыты болып табылады. Ол қаржының қоғам тарапынан материалдық игіліктерді өндіру процесіне, айырбаска, бөлу мен тұтынуға әсер ету үшін бақылаушы функциясын іске асыру нысанында болады.

Қаржылық бақылау – бұл барлық деңгейдегі билік пен осы мекемелер үшін арнайы құрылған заң шыгарушы және атқарушы органдарының бақылауы.

Ол ақшалай қаражатар қорын қалыптастыру және пайдалану процесінде қаржы зандағының сақталуын бақылауды; қаржышаруашылық операцияларының экономикалық тиімділігі мен өндірістік шығындардың мақсаттылығын бақылауды қамтиды.

Қаржылық бақылау халық шаруашылығын басқару бойынша қызметтің маңызды сферасы болып табылады, ол белгілі қолданылу сферасы мен мақсатты бағыттылыққа ие, қаржылық операциялардың нысаналығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, макро және микро деңгейде қаржылар мен ақшалай ағынды басқарудың бөлінбейтін элементі болып табылады.

Экологиялық, санитарлық және әкімшілік бақылаумен салыстырғанда қаржылық бақылау – құндық бақылау.

Бұл қызметтің есепке алушы жүргізетін және ақшалай қаражаттарды жұмысайтын барлық объектілерді тексерумен байланысты ерекше түрі және бақылаудың құндық категорияларды пайдалануымен байланысты ерекше облысы.

Қаржыға бақылау қасиеті тән, ол қаржылық бақылауды ұйымдастыру нысандары мен әдістерінде сипатын табады.

Қаржылық бақылау басқару функциясы болып табылады және қаржы органдары арқылы қаржылық жоспарлау және қаржылық есеп функциялары негізінде іске асырылады, ол объективті болуы керек.

Бұл қаржыны басқарудың есептілік, талдау алдындағы және жаңа қаржылық цикл болып табылатын жоспарлаудың басталуына дейінгі аяқтаушы функция, қаржыларды басқарудың қажетті шарты.

Осылайша, қаржылық бақылау – бұл арнайы өкілетті органдардың шаруашылық субъектілерінің қаржы саясатын, қаржы ресурстарын құру, бөлу және пайдалану процесінде құқық нормаларына сәйкестікке келтіру және қабылданған басқарушылық, қаржылық шешімдердің орындалуы туралы толық және шынайы аппаратты дер кезінде алу мақсатында іске асырылатын әрекеттер мен операциялар жиынтығы.

Қаржы зандағылығы қаржы қызметтің ұйымдастырудың критериилері мен құқықтық нормаларын ұсынады.

Қаржылық бақылау мемлекеттің қаржы саясатын жөністі іске асыруға ықпал етеді, халық шаруашылығының барлық сфералары мен буындарында қаржы ресурстарын қалыптастыру процесі мен тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді. Бұл қадағалау емес, құнды бөлу мен экономикалық және әлеуметтік мүдделерді қамтамасыз ету сферасында қаржылық қатынастардың дұрыстылығы мен зандағылығын сактауды тексеру, оларды қаржы қатынасы облысындағы кәсіпқойлардың бағалауды.

Қаржылық бақылаудың ерекшелігі оның ақшалай нысанда іске асырылатындығы мен бақылаудың басқа нысандары мен (әкімшілік, құқықтық, техникалық) байланыстылығында.

Қаржылық бақылау мемлекеттің немесе басқа шаруашылық субъектілерінің қаржы саясатын іске асыруға әсер етуге, сонымен қатар халық шаруашылығы салаларында қаржы ресурстарын қалыптастыру процесі мен тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Қаржы жүйесі республикалық, аймақтық деңгей мен заңды тұлға деңгейін қамтитындықтан, қаржылық бақылау көп деңгейлі және жан-жақты болып табылады. Ол мемлекет пен басқа экономикалық субъектілердің мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз етеді.

Объективті сипатпен қатар, басқарудың кез келген деңгейіндегі субъективизм элементтерін мазмұндай алады, дегенмен ол нақты және әрекетті, тұрақты, дауысты, риясыз, әмбебап, алдын алушы сипатта болуы керек. Нарықтық экономикада қаржылық бақылаудың рөлі анық және оның мәні талассыз.

Қаржылық бақылау нақты мақсаттар мен тапсырмаларға ие:

1. Әрекеттегі заңдылық пен ноормативтік актілердің сақталуын тексеру және олардың сақталуын қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік ақшалай қаражаттардың заңдылығын, мақсаттылығы мен ұтымды пайдаланылуы мен олардың сақталуын қамтамасыз ету.

3. Қаржы қатынасы субъектілерінің мемлекет алдындағы өз міндеттемелерін толық және уақтылы атқарылуына әсер ету.

4. Шаруашылық субъектілеріне шығындар есебінен есептеулерінің дұрыс әдістемесін, бухгалтерлік есепті жүргізу деңгейін енгізу.

5. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар иеліндегі ақшалай ресурстардың құралу және пайдаланылу дұрыстығын тексеру.

6. Салықтарды, инвестицияларды, жалакыны, зейнетакыны төлеу бойынша есептегендегі қаржылық міндеттемелерінің орындаудын тексеру.

7. Кассалық және есеп пәндерінің, қаржылық операциялар, есептер мен төлемдер тәртібінің сақталуын, ақшалай қаражаттардың сақталуын тексеру.

8. Қаржы пәнінің бұзылуын жою және алдын алу.

9. Қаржы ресурстарының өсуінің, материалдық және ақшалай қаражаттарды тиімдірек және үнемдірек пайдаланудың, шығындарды төмендетудің, пайда мен тиімділікті өсірудің ішкі резервтерін анықтау.

10. Қаржы ресурстарының қаражеттілік пен оларды қанағаттандыру үшін құрылған қорлар мөлшері арасында баланысты белгілеуге көмек.

11. Бюджеталдындағы қаржылық міндеттемелерді орындаудың уақыттылығы мен толықтылығын тексеру.

12. Сыртқы экономикалық қызметтің жоғарғы қайтаратымдылығын, оның ішінде валюталық операциялар бойынша кірісті қалыптастыруға көмек.

13. Қаржылық құқықтық қатынасқа қатысушылардың өз міндеттемелерін бұзу фактілерін анықтау.

14. Айыптыларды анықтау және оларды заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту.

15. Қаржы пәнін бұзушылық пен осы бұзушылықтың салдарын жою.

Қаржыны микро және макро деңгейде басқару барысы, қателіктерді жою немесе болдырмау, экономикалық субъектілердің қызметін жақсарту барысы туралы нақты ақпаратты уақытын алу - қаржылық бақылаудың негізгі мақсаты болып табылады.

Егер бұзушылық анықталса, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға, ұйымдарға әсер ету шаралары колданылады, мемлекет пен ұйымға келтірілген залалдардың орнын толтыру, нарықтық экономиканың алдынғы қатарлы принциптері ретінде келісім шарт қатынастары және экономикалық жауапкершілік принциптері негізінде қамтамасыз етіледі. Егер де бұрмалаушылықтар анықталмаса, онда қаржылық бақылау органдары оң қорытынды жасайды.

ҚР қаржылық бақылау деңгейі жетілдіруді талап етеді, өйткені қаржылық бұзушылықтар саны мен осының салдарынан жоғалтулар көлемінің өсуі байқалады.

Қаржылық бұзушылық қатарында төмендегілерді айтуда болады:

- салық заңдылығын бұзу және көленкелі экономикаға кету;

- жеке қатынастарда түзілген бюджеттік қаражаттарды дұрыс пайдаланбау;
- құрылтайшылардың құқықтарына нұсқан келтіру және т.б.

Қаржылық бақылауды жетілдіру кез келген деңгейдегі экономикалық субъектлердің қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Қаржылық бақылауды жүргізгенден кейін қолданылатын экономикалық санкциялар өндірістің тиімділігін көтеруге бағытталған экономикалық эсер ету шаралары, қаржы механизмдерінің тетігі болып табылады.

Қаржы жүйесінде жиі жүргізілетін реформалар қаржылық жауапкершілікті нығайту, бақылаудың жүргізілетін акцияларының тиімділігін көтеру, санкциялар санын азайту, бірақ олардың әрекеттерінің нағайделілігін көтеру бойынша мәселелерді шешуге тырысады.

Қаржылық бақылаудың күшеюіне қарамастан қаржы пәнін, қаржы заңдарын бұзу сандарының ұлғаю тенденциясы байқалады; жеке және әсіресе мемлекеттік меншікті пайдалануда белгілі тұлғалардың жеке экономикалық мұдделерінің болуы салдарынан теріс пайдаланушылық жиіледі. Қаржылық бақылау шаруашылық өмірде болуы мүмкін негативті көріністер үшін кедергі ретінде аса қажет.

Мұнда маңызды рөл мемлекетке беріледі. Ол қоғамдық мұдделер мен әлеуметтік әділдікті қорғауды, қоғамдық өнім қозғалысының барлық саласында экономикалық процестерді реттеу құралы ретінде қаржылық бақылау нысандарын, әдістері мен ұйымдастыруды тұрақты жетілдіре отырып қаржының бақылау функциясының мүмкіндіктерін пайдалануы керек.

Қазақстан Республикасында қаржылық бақылаудың алдында қоғамның экономикалық өмірінің әртүрлі сегменттерінде жеткілікті, күрделі, әртүрлі тапсырмалар қойылады. Шаруашылық басқарма деңгейінде жоғары болған сайын, бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талап жоғары және тапсырма күрделі болады.

Қаржылық бақылау объект ретінде қаржы ресурстарын ақшалай қаражаттар қоры нысанында қалыптастыру және пайдалану процестерін, сонымен қатар, құндық категория болғандықтан,

жалақы төлеумен, өнімнің өзіндік құнымен, пайдамен, негізгі және айналым капиталымен, инвестициямен, бarterлік мәмілелермен байланысты ақша қатынасының кең шеңберін қарастырады.

Қаржының бақылау функциясының объектісі болып кәсіп-орындар, ұйымдар, мекемелер қызметінің қаржылық көрсеткіштері табылады.


Қаржылық бақылау объектілері болып мемлекет пен басқалай экономикалық субъектлердің ақшалай, бөлуші болатын қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану процестері табылады және әртүрлі құндық көрсеткіштермен (мысалы, өнімді өткізу көлемі, өнімнің өзіндік құны, есептелген және төленген салықтар көлемі, баға, пайда, дивиденд және т.б.) сипатталады.

Бақылаудың басты объектісі болып есепті құжат есептеледі. Оның деңгейіне бақылау саласы тәуелді болады.

Барлық экономикалық субъекттер меншік нысаны мен қаржылық ахуалына тәуелсіз бақыланады.

Қаржылық бақылаудың негізгі объектісі болып заңды тұлғалар табылады, бірақ декларацияны жеке толтыратын жеке тұлғаларға қаржылық бақылауға деген қажеттілік есуде.

Экономикасы дамыған елдерде қаржылық бақылау мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді.



## Қаржылық бақылау түрлерін жіктеу

Қаржылық бақылауды субъектілер, өткізу уақыты, өткізу әдісі, өткізу нысаны, қаржылық қызмет сфералары, ақпараттық қамтамасызығы бойынша жіктеуге болады.


Қаржылық бақылауды іске асыратын субъектілер бойынша келесідей жіктеледі:

Жалпы мемлекеттік қаржылық (президенттік, парламенттік, атқарушы билік органдарының - үкімет, қаржы министрлігі).

Мемлекеттік емес қаржылық бақылау төмендегіше бөлінеді:

- банктердің бақылауы;
- ведомстволық;

- шаруашылық ішіндегі;
- тәуелсіз (аудиторлық);
- қоғамдық (5-сурет).



5-сурет. Бақылау субъекттері бойынша қаржылық бақылау түрлері.  
Ескерту. автормен құрастырылған

Қаржылық бақылау биліктің барлық деңгейінің заң шығарушы және атқарушы органдары, сонымен қатар осы мекемелер үшін арнағы құрылған, функциялары заңды актілерде көрестілген, жоғары мамандармен мамандармен іске асырылады.

Қаржылық бақылау субъекттері болып бақылау функцияларымен үlestірілген. өзінің әрекеттері үшін жауапты болатын ерекше органдар мен ұйымдар табылады.

Бұл мемлекеттік бақылау органдары, мемлекеттік емес мамандандырылған ұйымдар, сонымен қатар өз қызметін құбық нормаларға сәйкес іске асыратын жоғары кәсіби мамандар.

Бақылаудың ең типті пәндері:

- мемлекеттің алдындағы қаржылық міндеттемелерін орындау;
- қаржылық шарттардан пайдалану болатын қаржылық міндеттемелерді орындау;
- ақшалай қорлардан алынған ақшалай қаражаттарды мақсатты пайдалану, оларды пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігі;
- кәсіпорындардың меншікті ақшалай қаражаттарын бөлудің белгіленген тәртібін сақтау;
- шетелдік валютаны пайдаланудың мемлекет белгілеген тәртібін сақтау.

Мемлекеттік қаржылық бақылау пәні болып мемлекеттік бюджеттің қалыптасу, бөлу және пайдалану сатыларындағы қаражаттары есептеледі.

Жалпы мемлекеттік қаржылық бақылауды мемлекеттік билік және басқару органдары іске асырады: президент аппараты, парламент, үкімет, әкімшіліктер (облыстық, қалалық, аудандық), қаржы министрлігі және ҚР ҰБ, Есеп комитеті.

Алдын-ала парламенттік бақылаудың мақсаты – пайдалану бағыттары бойынша республикалық бюджет жобасында салынған шығындардың баламалылығын және елдің нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайының мәліметтерінде бағалау.

Президенттік бақылау министрліктердің, ведомстваардың, жергілікті әкімшілік пен мемлекеттік басқарудың басқа органдарының қызметін тексеруге бағытталған. Ол қаржы сұраптары бойынша жарлықтарды шығару, қаржы министрін, ҚР ҰБ төрағасын тағайындау жолымен іске асырылады.

Парламент республикалық бюджетті, оның жобасын қарастыру және бекіту, сонынан оның атқарылуы туралы есеп алу; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндегі төлемдер туралы» занды қабылдау жолымен бақылайды.

Қаржылық бақылаудың ерекше органы болып республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау бойынша Есеп комитеті табылады. Ол ҚР Президентіне бағынады және есеп береді. Оның тапсырмалары мен функциялары төмөндеғідей:

- республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау;
- ҚР Президентінің республикалық бюджет қатынасындағы тапсырмаларын орындау;
- республикалық бюджетке қаражаттар түсімінің толықтығы мен оның орындалуының зандыштығын бақылау;
- республикалық бюджеттен мемлекеттік бағдарламаларды орындауға бөлінетін қаражаттардың мақсатты пайдаланулын бақылау;
- парламентке республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекітуге ұсыну.

Есеп комитеті қаулы қабылдайды және кең құқыққа ие, занды тұлға болып табылады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын тексеру жөніндегі есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуын бағалауды, есепке алу мен есептіліктің тиімділігін, шынайылығы мен дұрыстығын бақылауды, орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларын бағалауды іске асырады; парламентке ағымды жылдың 15-мамырына дейін атқарылуы туралы есепті бекіту үшін ұсынады; президенттің тапсырмаларын орындауды және оны бұзушылық фактілері бойынша шара қолданады; маслихаттардың тексеріс комиссияларына әдістемелік көмек көрсетіледі.

Облыстық маслихаттар облыстық бюджеттер жобасын қарастыруды, бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту процесінде қаржылық бақылауды іске асырады.

ҚР Үкіметі, атқарушы органдар жүйесін басқара отырып, олардың қызметіне министрліктер, ведомствалар құзіреттілігіне енетін сұрақтар шенберінде басшылық пен бақылауды іске асырады; қаржы сұрақтары бойынша зандардың, президент актілерінің,

нұсқаулардың орындалуын бақылайды; бюджетті әзірлеу мен атқару, қаржы, ақша және несие облысында бірыңғай саясатты іске асыру процестерін бақылайды; министрліктер мен ведомства-лар қызметін бақылайды, қаржылық бақылаудың мамандырылған органдарын күрады.

Қаржы министрлігі елдің қаржы саясатын әзірлейді және оның іске асырылуын бақылайды, мемлекеттік бюджетті әзірлеу процесін, бюджеттік қаражаттар мен бюджеттен тыс қорлардың қаражаттарының түсімі мен жұмсалуын бақылайды, валюталық бақылау мен мемлекеттік инвестициялардың іске асырылуына бақылауды жүргізеді. Қаржы министрлігі елде бухалтерлік есепті үйімдастыруға басшылық етеді, аудит, аудиторлық қызметті лицензиялау бойынша аттестагтауды жүргізеді.

Қаржы министрлігі шенберінде жедел қаржылық бақылауды қаржылық бақылау комитеті мен қазынашылық жүргізеді. Олар барлық деңгейдегі, мемлекеттік бюджеттен қаражат алатын, мемлекеттік кәсіпорындар мен коммерциялық құрылымдардың бюджеттік қаражаттарына бақылауды іске асырады; мумициналды меншіктегі кәсіпорындардың қаржылық қызметін, сметалық атқарылуын тексереді; құқық қорғау органдарының тапсырмалары бойынша тексерулер жүргізеді. Қазынашылық органдары мемлекеттік бюджеттік саясатты іске асыруға, бюджеттің атқарылу процесін басқаруға, мемлекеттік қаражаттардың мақсатты пайдаланулына бақылауды жүзеге асырады.

Қазынашылықтың басты тапсырмасы болып мемлекеттік бюджеттің атқарылуын үйімдастыру мен оны іске асыру, республикалық бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға бақылауды үйімдастыру мен іске асыру табылады. Ол қысқа мерзімге мемлекеттік қаржы ресурстарының көлемін болжайды, оларды жедел басқарады. Қазынашылық, сонымен қатар, мемлекеттік қаржы ахуалы туралы ақпаратты жинау мен өндеумен және талдаумен айналысады, мемлекеттік биліктің жоғарғы заң шығарушы және атқарушы органдарына үкіметтің қаржы операциялары және бюджет жүйесінің ахуалы туралы есептілікте ұсынады.

Қазынашылық бюджеттің кіріс және шығыс беліктерін бақылайды. Ұлттық банкпен бірге елдің сыртқы қарызының атқарылуын, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен мемлекеттік бюджеттің қарым-қатынасын бақылайды. Қазынашылық органдары мемлекеттік салық қызметі және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылда болады.

Қазынашылық органдарына үлкен құқық берілген: меншіктің кез келген нысанындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен үйымдарда, банктерде, мемлекеттік бюджет қаражаттарын пайдаланатын біріккен кәсіпорындарда ақшалай құжаттарды тексеруді жүргізе алады; тағайындалуы бойынша пайдаланылмаған қаражаттарды тексереді, жүргізе алады; тағайындалуы бойынша пайдаланылмаған қаражаттарды талассыз тәртіп бойынша өндіріп алу, шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұру; бұзушыларға айыппұл санкциясын қолдану.

Жергілікті жерлерде органдары бар, қаржылық бақылау комитетінің тапсырмалары төмендегідей.

- жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мен олардың атқарылуына, министрліктер, мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы шаруашылық қызметіне, мемлекеттің кепілдемесімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы зайымдарға, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар қаражаттарына, валюталық операцияларды іске асыруды заңдылықты сақтауға қаржылық бақылауды іске асыру;
- мемлекеттік қаражаттарды ұтымды пайдалану, талантаражға салмау және кем шығуын болдырмау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

Қазақстанның әрбір облысында «ҚР қаржы министрлігінің қаржылық бақылау Комитетінің қаржылық бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі құрылған.

Мемлекеттік салық қызметі іске асыратын бақылау жеткілікті тиімді болып табылады. Ол салық инспекциясы мен салық комиссиясынан тұрады. ҚР мемлекеттік салық қызметінің басты тапсырмасы салық туралы заңды сақтауға, салықты есептеу дұрыстығына, оларды сәйкес бюджеттерге толық және уақтылы енгізуге бақылау жасау.

Салық органдары өкілетті мемлекеттік органдардан және жергілікті жерлердегі аумактық органдардан тұрады. Салық комиссиясы органдары салық комиссиясы комитеті мен аумақ органдардан тұрады.

Салық инспекциялары – бұл кең құқық берілген жедел қаржылық бақылау органдары. Олар камералдық (құжатты) немесе инспекциялық (рейдті) тексерулерді жергілікті жерлерде жүргізе алады. Салық инспекциялары әртүрлі министрліктер мен ведомстваларда, әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен үйымдарда ақшалай қаражаттарды, бухгалтерлік декларациялар мен кітапты, есептерді, салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеумен байланысты басқалай құжаттарды тексеруді іске асырады.

Сонымен қатар салық инспекциялары тексеру барысында пайдала болған сұралтар бойынша керекті түсініктемелдерді, анықтамалар мен мәліметтерді талап ете отырып, кәсіпорынның кез келген белмесін тексеріп, айыппұл сала алады. Тексеру біткеннен кейін салықтық тексерудің актісі беріледі.

Салық комиссиясы экономикалық субъектілердің салықтық қылмыстары мен салық органдарындағы жемқорлықтың алдын алады және жолын кеседі, салық инспекциясы қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау бұзушылықтарды анықтау, жою және болдырмау мақсатында, объектілердің бюджеттік және басқа заңдылықтарын сақтауын тексеру және талдау жолымен іске асырылады. Ол іске асырылатын органға байланысты сыртқы және ішкі болады; республикалық және жергілікті деңгейде жүргізіледі.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүйесін келесілер күрайды:

- ҚР Президентіне тікелей бағынатын, сыртқы бақылау бойынша мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарғы органды болып табылатын, республикалық бюджеттің атқарылуын тексеру жөніндегі Есеп комитеті;
- маслихаттардың жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік бақылауды іске асыратын тексеру комиссиясы;

- ішкі бақылау бойынша үкіметтің өкілдегі органы;
- орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметі;
- облыстық бюджеттен, республикалық мәні бар қала бюджетінен қаржыландыратын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметі.

Республикалық деңгейдегі ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау КР Парламентімен ішкі бақылау бойынша өкілдігі және орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерімен; жергілікті деңгейде – облыстық бюджеттен, республикалық мәні бар қалалар, астана бюджетімен қаржыландырылатын, ішкі бақылау және атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметі бойынша КР Үкіметімен өкілдендірілген органдармен жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс бақылау президенттің, үкіметтің тапсырмасы, депутаттық сұраныс бойынша жүргізіледі.

КР мемлекеттік қаржылық бақылау принциптері болып бақылау органдарының тәуелсіздігі, объективтілік, шынайылық, ашықтық, біліктілік, жариялық принциптері табылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау келесі типтерде болады:

- бюджеттік занұндылықтарына сәйкестікті бақылау;
- қаржылық есептілікті бақылау - қаржылық есепті қарастыру мен ұсынудың уақытылығын, негізділігін, растығын (сенімділігі) бақылау;
- тиімділікті бақылау – түпкілікті нәтижелер мен олардың экономикаға әсерін талдау.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың түрлері:

- кешенді – бақылау обьектісі қызметтің нақты кезеңде барлық сұрақтар бойынша тексеру және бағалау;
- тақырыптық – қызметтің нақты кезеңде жекелеген сұрақтар бойынша тексеру және бағалау;
- ыңғайласпа – сұрақ шенберінде тексерілетін бақылаудың негізгі обьектісімен қарым-қатынас сұрақтары бойынша өтетін үшінші тұлғаны бақылау;
- біріккен – қаржылық бақылау органдарымен бірігіп жүргізетін бақылау.

Бақылау нәтижесі бойынша акт, есеп, қаулы, қорытынды, ұсыныс рәсімделуі мүмкін.

Облыстық маслихаттың тексеру комиссиясы облыстық бюджеттің атқарулылығын бағалауды, оның тиімділігін, шынайылығын және дұрыстырылған бақылауды, жергілікті мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыруды бағалауды жүзеге асырады, маслихатқа жергілікті бюджетті атқару туралы есепті бекіту үшін ұсынады, бюджетке түсімдердің уақытылылығын бақылайды, маслихатқа бұзушылық фактілері туралы ұсыныс енгізеді.

Сактандыру қадағалау қызметі. Сактандыру қызметіне лицензия береді, бірінғай сактандыру нарығын реттейді, сактандыру тарифтерінің негізділігін тексереді, сактандыру қызметі бойынша есептерді қабылдайды. Ол сактандыру фирмаларының қызметін шектей алады, олардың тарату жөнінде сотқа шағымдала алады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау және бөлудің құндық үйлесімділігінің мониторингін іске асырады. Ол мемлекеттік акша ресурстары құралатын, қозғалатын және пайдаланатын жерлерде іске асырылады. Бұл процестің толықтыры мен уақыттылығы бақыланады. Тексеру мемлекеттік және жеке секторда іске асырылады.

Әсіресе мемлекеттік реттеу деңгейі жоғары болатын банк және сактандыру сфераларында мемлекеттік бақылау кеңінен таралған. Банктер мен сактандыру компаниялары негізінен занды және жеке тұлғалардың үлкен қөлемде тартылған ақшалай қаражаттарымен жұмыс істейді, банк және сактандыру қызметін құқықтық реттеу мемлекеттің салымшылар мен сактандырушылардың мүліктік мүдделерін қорғауға ұмтылуымен түсіндірліді.

Банктік қаржылық бақылау коммерциялық банктер және ҰБ деңгейінде іске асырылады.

Коммерциялық банктер ссуда бергенге дейін клиенттің қаржылық жағдайын, содан соң пайдалануын бақылайды, ссуданы қайтару мүмкіншілігін анықтайды.

Мемлекеттік басқару органдары ретінде Ұлттық банк елдегі ақша-несие қатынастарын ұйымдастырады және бақылайды, коммерциялық банктердің қызметіне көп аспекттілі қадағалауды

іске асырады. Ол жекеленген банк операцияларына, филиалдарды ашуға лицензияларды қайтарып алуды, уақытша әкімшілікті тағайындауды, банкті таратуға шаралар колдануды мүмкін.

ҚР ҰБ жүргізетін мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі мақсаттары төмендегідей:

- жүргізілетін валюталық операциялардың әрекеттегі заңдарға сәйкестігін анықтау қажетті лицензиялар мен рұхсаттардың болуды;
- шетелдік валютадағы төлемдердің өзара шарт жағдайына сәйкестігін тексеру;
- валюталық операциялар бойынша есеп пен есептіліктің толықтығы мен объективтілігін тексеру.

Қазақстан Республикасында валюталық бақылау агенттері болып өкілдегі банктар қатысады.

Сонымен бірге, банктар мен сақтандыру компаниялары – бұл нарықтық экономиканың қажетті элементтері, ал банктар – ақша айналысының қажетті құрылымдық элементі. Жекеленген авторлар, Үлттық банктің жеке банктар қызметін нормативтік құқықтық актілерді (мысалы, нақтысыз есеп айырысу тәртібін белгілеу), жеке құқықтық актілерді (мысалы, нақты банкке лицензия беру), сақтандыру компаниялары үшін нормативтік актілерді шығару, сақтандыру резервтерін қалыптастыру мен пайдалану тәртібін, олар үшін жарғылық капиталдың минималды деңгейін анықтау, оларды ашуға лицензия беру, қайта ұйымдастыру мен тарату жолымен реттеу қаржылық бақылау емес, мемлекеттік және әкімшілік-құқық нормаларымен реттеледі деп есептейді.

Сақтандыру сферасындағы мемлекеттік қаржылық бақылау пәні болып жекелеген кәсіп жұмысшыларын мемлекеттік сақтандыру мен мемлекеттік сақтандыру ұйымдарының қызметі табылады.

Қаржы-шаруашылық бақылау – бұл орталықсандырылған ақшалай қорларды қалыптастыру, бөлу және пайдаланудың мемлекет белгілеген тәртібін сақтауға бақылау жасау.

Жекелеген министрліктер, ведомствалар ведомстволық қаржылық бақылауды қаржылық жоспар жобаларын қарастыру,

тақырыптық тексеру және тексеру нысанында, олардың жүйесіне енетін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер қызметіне өз өкілдегілігі шеңберінде іске асырады.

Ведомстволық қаржылық бақылауды министрліктердің ведомстволық бақылау-тексеру бөлімдері жүргізеді.

Ведомстволық бақылаудың негізгі тапсырмаларына келесілер жатады:

- жоспардың орындауына бақылау;
- материалдық және қаржылық ресурстарды пайдалануға бақылау;
- мұліктің сақталуына бақылау;
- іске асырылатын бухгалтерлік есептің сапасына бақылау;
- экономикалық субъектілердің шаруасыздық және ысырапшылық фактілерінің алдын-алу.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес бақылау мақсаттарының арасында айырмашылық болатынын айта кету керек. Мемлекеттік бақылаудың мақсаты – мемлекет бюджетіне қаражаттардың ең жоғарғы көлемін қамтамасыз ету болса, мемлекеттік емес бақылаудың мақсаты - салынған капиталға пайда нормасын ұлғайту үшін мемлекет пайдасына өз аударымдарын ең төменгі көлемге экелу. Екеуіне де тән жалпы нәрсе олардың заң шеңберінде әрекет етуі.

Бас есепші, қаржы менеджерлері, яғни кәсіпорынды жақсы біletін жұмысшылар шаруашылық ішіндегі қаржылық бақылауды жүзеге асырады. Мұнда бақылау объектісі болып сол кәсіпорынның және оның құрылымдылық бөлімшелерінің (цехтардың, бөлімшелердің, бөлімдердің, филиалдардың) өндірістік және қаржылық қызметі табылады.

Бұндай бақылаудың кемшілігі бар, тексерушілер әрдайым бұзушылықтарды, әсіресе кәсіпорын басшыларының әрекетімен байланысты бұзушылықтарды анықтағылары келмейді.

Шаруашылық ішіндегі бақылау төмендегілерді қамтуы мүмкін:

- бухгалтерлік және қаржылық есептіліктің шынайылығын тексеру;

- бөлімше басшыларының қаржылық сұрақтар бойынша бүйректер мен нұсқауларының орындалуын тексеру;
- кәсіпорынның қаржылық ахуалын талдау мен қаржылық жоспарлардың орындалуын тексеру, қаржы резервтерін анықтау;
- ақшаның сақталуына бақылау, шығындарды өндіріске жатыстырудың дұрыстығын тексеру, қаржылық алайқытың алдын-алу.

Нарыктық жағдайда ірі кәсіпорындарда ішкі аудит қызметі даму алды. Олар ағымды және кейінгі аудит жүзеге асыратын сыртқы аудитпен салыстырганда алдын-ала бақылауды іске асырады. Мысалы: ішкі аудиторлар кәсіпорынға салық ауыртпалығын төмендету жолдарын әзірлейді, қаржылық мәмілелердің келісім шарттарын бағалайды, материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін тексереді.

Шаруашылық ішіндегі бақылауды жедел және стратегиялық деп болуге болады.

Жедел бақылауды бас есепші ақша қозғалысының бухгалтерлік есебінде барлық ақша құжаттарында қол қою жолымен, нақты ұйымдастыру көмегімен жүргізеді. Ол қаржы пәні мен қаржы заңдарының сақталуына жауп береді.

Стратегиялық қаржылық бақылауды құрылтайшылар мен баскару аппаратының жоғарғы деңгейі экономикалық тиімділік пен пайданы ең жоғарғы деңгейде қамтамасыз етуі керек қаржы ресурстары мен капитал салымдарын пайдалану бойынша әзірленген қаржылық шешімдерді әзірлеу немесе бағалау жолымен іске асырады.

КР Ұлттық банкі тарапынан банктер қызметіне қадағалау кажет, өйткені банктер қазіргі заманғы қоғам инфракұрылымының маңызды элементі болып табылады. Олардың қаржылық ахуалына республика экономикасының ахуалы тәуелді болады.

Банктерді қадағалаудың максаттары:

- салымшыларды банктерді басқарудың төменгі сапасынан қорғау;
- бір банктің банкроттығы тұтас банк жүйесіне деген сенімсіздікі тудыратын жүйелі тәуекелден клиенттерді қорғау;

- банктердің экономикалық субъектілерді несиелендіруден бас тартуын болдырмау, өйткені бұл экономиканың құлдырауына әкелуі мүмкін;
- жекелеген банктердің банкроттығына әкелуі мүмкін дұрыс емес несие саясатын болдырмау;
- әлемдік қаржылық дағдарыс банктердің міндеттемелердің ауыр жүгі болуы мүмкін дұрыс емес сыртқы қарыз алуаларын болдырмау.

Банк құрылтайшыларын (акционерлерін) қорғау банктік қадағалаудың тапсырмасы емес, бірақ оның процесінде жанама түрде шешіледі.

Банктердің бухалтерлік есеп жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеу маңызды сұрақ болып табылады, өйткені банктер өз клиенттерінің қаржылық ахуалына өздері қадағалау жасайды. Бұл талаптар әртүрлі банктердің мәліметтері мен клиенттердің мәліметтерін салыстыру үшін стандартты болуы керек.

Банктер аудиттің өз бөлімшелерін ашуы мүмкін, бірақ жылдық есепті жариялау үшін міндетті түрде сыртқы аудит қажет. Банктік қадағалау лицензия беру, камералды тексеру, жерлердегі инспекция, қаржылық талдау, тексерулер, клиенттердің мониторингі нысанында іске асырады.

Сактандыру бақылауын сактандыру компаниясы сактандыру шарттын жасау кезінде іске асырады. Шарттың әрекет ету бағысында сактандыру жағдайының өзгеруіне бақылау жасалынады, сактандыру жағдайы түскен кезде компанияның барлық шығындары есепке алынады.

Сактандыру компанияларының қызметіне қаржылық бақылауды Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (ҚҚА) жүргізеді. Ол компанияның мемлекеттік бюджет пен өз клиенттері қатысында лицензия беруде, компанияның қызмет процесінде міндеттемелерін адаптациялық қаржылық ахуалын бақылайды.

Қоғамдық қаржылық бақылау реңсі органдардың қатысуының қоғамдық ұйымдар немесе жекеленген азаматтармен іске асырылады. Оны кәсіподактар мен саяси партиялар жүргізуі мүмкін.

Қоғамдық қаржы бақылауын ерікті бастамада жекелеген жеке тұлғалар немесе топтар атқарады және олар қайсібір мақсатты басшылыққа алады.

Қаржылық бақылаудың келесі түрі аудиторлық қаржылық бақылау. Сыртқы және фирма ішіндегі аудитті ерекшелейді.

Тәуелсіз қаржылық бақылауды (сыртқы аудит) аудиторлық фирмалар мен қызметтер іске асырады. Осы бақылаудың объектісі болып барлық экономикалық субъектілер қызметі саналады. Оны жекелеген кәсіби жоғары маманданған, сертификатталған аудиторлар да, басқа қайсібір қызметпен айналысуға құқығы жок аудиторлық фирмалар да жүргізеді.

Аудиторлық бақылау тапсырмасы болып бухгалтерлік және қаржылық есептіліктің шынайылығын белгілеу, қаржылық және шаруашылық операцияларының нормативтік актілерге сәйкестігі, төлем-есеп пәнін тексеру жатады. Аудиторлық фирмалар бухгалтерлік есепті орнына келтіре, қаржылық және салық есептерін құрастыра, кәсіпорын қызметін талдай және болжай, есеп қисап бөлімінің жұмысшыларын есеп-қисапқа оқыта, қаржы сараптамасын жүргізе алады, салық салуға жататын кірісті анықтаудың дұрыстығына бақылау жасайды; кірістерді төмендетудің алдын алууды, айып пұл санкцияларын алмау мүмкіншіліктерін қаматамасыз ете алады, есепті ұйымдастыру, есептілікті құрастыру сұраптары бойынша кеңес бере алады, фирма ішіндегі қаржылық бақылау мен аудиттің дұрыстығы мен тиімділігін тексереді; біріккен кәсіпорындарды құру үшін құжаттарды дайындаі алады; саудасстық мәмілелерін жасауда делдалдық қызметті жүзеге асыра алады, сонымен қатар жасалынған шарттар мен келісімдерді алдын ала және кейінгі бақылауды жүзеге асыра алады; қаржы заңдылығын түсіндіре алады және т.б.

Аудиторлар қызметі клиентпен шарт арқылы рәсімделеді. Егер де аудиториялық тексеру сот шешімі арқылы іске асырылса, онда төлем арызданущы есебінен жүргізіледі, ал егер де тексерілетін ұйым – банкрот болса, онда бюджет есебінен жүргізіледі, бірақ бұл шығын банкрот деп танылған ұйым мүлкі есебінің толықтырылады.

Бастамалы тексеру клиенттің қалауымен, өзінің қаржылық қызметінің кемшіліктерін білу, ұсыныс алу, қызметкерлерінің кемшіліктерін білу, ұсыныс алу, қызметкерлерін оқыту үшін керек және т.б.

Міндетті аудит көрсеткіштері үкіметпен белгіленген деңгейден асып кеткен банктерде, сактандыру үйымдарында, бюджеттен тыс корларда, акционерлік қоғамдар мен біріккен кәсіпорындарда жүргізіледі.

Аудиторлық фирма жұмысының нәтежесі болып аудиторлық қорытынды актісі есептеледі. Ол қаржылық есептілігінің растиғын ескертусіз растаумен; қаржылық есептіліктің растиғын ескерту жасай отырып және жекелеген кемшілікті көрсетумен растануы мүмкін. Бухгалтерлік есеп мәлеметтері ұсынған қаржылық есептілікке сәйкес келмегендеге теріс қорытынды беріледі. Егер де аудитор ұсынылған ақпараттар негізінде өз пікірін құрай алмаса, ол жағдайда қорытынды құрастырылмайды.

Фирма ішіндегі аудит фирма ішіндегі аудиторлық қызмет арқылы іске асырылады. Оның объектісі болып жұмыс орнынан бастап, бөлімшелерге, цехтарға, экімшілікке, филиалдарға, еншілес компанияларға дейін кәсіпорынның барлық бөлімшелері табылады. Фирма ішілік аудиттің тагайындалуы кәсіпорынның қаржылық қызметін жетілдіру, пайданы ең жоғарғы деңгейге жеткізу мен тиімділігін көтеру бойынша басқарушылық шешім тиімділігін көтеруге жағдай жасау.

Фирма ішілік аудиттің негізгі тапсырмалары:

- есеп жүйесі мен ішкі бақылауды талдау;
- жедел және бугалтерлік ақпараттарды, оларды жетілдіру мақсатында зерттеу;
- жылдық есептілікті дайындау кезінде бугалтерлік есеп принциптері мен тәртіпперін сактауды тексеру;
- өндірістік процессті басқаруға сыртқы аудиторлардың ұсыныстарын енгізу;
- стратегиялық талдауда, фирма экімшілігіне кәсіпорынның қаржылық стратегиясын қалыптастыру, басқарушылық шешім жобаларын жасау сұраптары бойынша кеңес жүргізу;

- басшылық үшін дайындалған қаржылық ақпараттың уақтылығын, сенімділігін, дәлдігін тексеру, оның сапасын бағалау;
- кәсіпорын меншігін қамтамасыз ету шараларын талдау;
- ақшалай қаражаттарды үнемдеу резервтерін анықтау;
- кәсіпорын және оның бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін анықтау, қаржылық болжамдарды әзірлеу.

Ішкі аудит кәсіпорынның штатты бөлімшесі арқылы жүргізіледі, ол жалпы (аудиттің барлық сұрақтары бойынша) және жергілікті (аудиттің жекелеген бағыттары бойынша) болуы мүмкін.

Аудиттің келесі кезеңдердің ерекшеленуге болады:

- аудит бөлімшелері бойынша тесттерді тарату және жауптарды жинау, аудит бағдарламасын әзірлеу;
- қажетті материалдарды жинау және жүйелендіру;
- талдамалы көрсеткіштер есебін орындау;
- нәтижелерді қорытындылау және аудиторлық қорытындыны қалыптастыру.

Өткізу уақытына байланысты қаржылық бақылау алдын-ала, ағымды, кейінгі болып бөлінеді.

Қаржының мәнінің бұзылуын ескету үшін алдын ала қаржылық бақылаудың мәні бар, ол ақшалай корларды құру, бөлу және пайдалану операцияларын іске асырганға дейін жүргізіледі. Ол кәсіпорындардың қаржылық жоспарларын, мекемелер мен үйимдардың кірістері мен шығыстар сметаларын, бюджет жобаларын, шарттар мәтінін, құрылтайшылық құжаттарды және т.б. бекіткенге дейін іске асырылады. Ол, осынайша, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын ұтымысız жұмысау мен шығындардың кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі ретінде пайда болуының алдын алады. Осы алдын алу сатысында кәсіпорын қызметін іске асыру үшін қосымша көздерді анықтауға болады, бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін тікелей фактор болып табылады. Сонымен қатар заңдар мен нормативтік актілерді бұзудың алдын алуға болады. Алдын ала қаржылық бақылау күрделі салындарды қаржыландыру кездерінде пайда мен қажеттілікті есептеудің негізділігін тексеруге міндетті.

Ағымды қаржылық бақылау – бұл ақша операцияларын іске асыру процесіндегі бақылау. Мысалы, қаржылық жоспарларды аткару процесінде тауарлы-материалдық құндылықтар мен ақшаны жұмысаудың нормалары мен нормативтерінің сакталуы, бөлінген қаражаттардың шығындар лимитіне сәйкестік дәрежесі, бұрын бөлінген ресурстарды пайдалану мен оның нәтижесінде алынған кірістер көлемі тексеріледі. Бақылаудың бұл нысаны кәсіпорын қызметінің қаржылық акуалын жақсарту үшін талдауды, кредиторлық қарыздарын, банктер және мемлекеттік бюджет алдындағы қарыздарын отеу үшін талдауды қарастырады; тауар, жұмыс және қызмет өндірісі бойынша қызмет процесінде кәсіпорын жинактарының өсіүнің озге резервтерін жабуга мүмкіндік береді. Ағымды қаржылық бақылау үздіксіз болуы керек, яғни қаржы пәнінде жолсыздықтарды болдырмау үшін қаржы органдарымен құн сайын жүргізуі керек (мысалы: бас есепші әрбір шаруашылық операциялары туралы құжатқа қол қоюы керек).

Кейінгі қаржылық бақылау – қаржылық операцияларды іске асырганнан кейінгі, есептік кезең тұтас қаржылық жылды аяқтаганнан кейін іске асырылатын бақылау. Бюджеттердің атқарылуы материалдық, еңбек, қаржылық ресурстардың пайдалануын талдау жолымен тексеріледі. Шығындалған мемлекеттік бюджет қаражаттарының нысаналылығы мен тиімділігі кәсіпорындардың қаржылық жоспарының, бюджеттік мекемелердің сметаларының орындалуы талданылады.

Қаржылық бақылауды жүргізу әдістеріне төмендегілер жатады:

- тексерулер;
- зерттеулер;
- талдау;
- қадағалау;
- мониторинг;
- қаржы-шаруашылық қызмет туралы қаржы жоспарларының жобасын, етініштер мен есептерін қарастыру, баяндамаларды талдау, лауазымды тұлғалардан мәліметтер;
- тексерістер.

Шаруашылық және қаржылық операциялар мен процестердің нысаналылығы мен экономикалық тиімділігінің заңдылығын, шыныайылығын экономикалық ақпарат негізінде зерттеудің қаржылық бақылау әдістері деп есептеуге болады.

Тексеру қызметтің бір бағытын, операциялардың бір жиынын қамтитын тақырыптық болуы мүмкін жекелеген сұраптар бойынша шығыс және кіріс құжаттар негізінде жүргізіледі (мысалы: шығындарды өнімнің өзіндік құнына жатқызудың дұрыстығын тексеру). Сонымен қатар қаржы пәннің бұзушылығы анықталады және оны жою үшін шаралар қолданылады.

Тексерулер жаппай немесе іріктелген, құжатты немесе нақты болуы мүмкін. Құжатты тексеруде құжаттар тек реквизиттер, қолтаңба, мөр, түзетулердің болуы әрекеттегі заңнамаға сәйкестігі бойынша тексеріледі.

Тексерулер ыңғайласпа түрінде болуы мүмкін, мұнда тексеріліп отырған кәсіпорынның мәліметтері анық контрагенттің мәліметтерімен салыстырылады.

Нақты тексеру түгендеуді пайдаланумен жүргізіледі, онда нақты мәліметтер құжат бойынша мәліметтермен салыстырылады.


Зерттеулер белгілі мақсатта сұраптардың кең шеңбері бойынша орындалуы мүмкін (мысалы нақты шығындардың смета бойынша жоспарланған шығыстарын жұмсау бағыты бойынша сәйкестігін зерттеу; экономикалық субъекттің қаржылық жағдайы мен оның даму болашағын, қайта үйымдастыру, өндірісті әртараптандыру мүмкіндігін зерттеу).

Сонымен бірге сұхбаттасу, саулнама қолданылуы мүмкін.

Талдау қаржылық бақылау әдісі ретінде жүйелі және факторлы болады. Талдау кезінде көптеген талдамалы көрсеткіштер есептеледі, олар: өнімділік, меншікті айналым капиталымен қамтамасызық, тиімділік, іскерлік белсенділік, қаржылық тұрақтылық, жоспарды орындау, нормалар мен нормативтер және т.б. Талдау бухгалтерлік есепті бөлшекті зерттеуді қарастырады.

Бақылаушы органдар жүргізіліп отырған қызмет түріне лицензияның болуын анықтау үшін қадағалауды жүргізеді және нормативтерді сактамаған жағдайда лицензия қайтарылып алы-

нуы мүмкін (мысалы ҚР ҰБ комерциялық банктеге қадағалауды іске асырады).



6-сурет. Нысандар, әдістер мен тәсілдер бойынша қаржылық бақылаудың жіктелуі

Ескерту: автормен құрастырылған.

Қадағалау – бұл субъекттің қаржылық жағдайына бақылау (мониторинг). Мысалы, мұндың банктеге несие беру кезінде жасайды, ал сонынан оны пайдалану процесінде шарт шарттарын бұзу несиелеу шарттың қатаңдатуға, ссуданы мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге экелуі мүмкін.

Тексеріс – кейінгі бақылау әдісі, келесі құжаттарды бөлшекті қарастыру: алғашқы құжаттан қаржылық есептілік құжаттарына

дейін, тексеріс актісінде бұзушылықтарды сипаттаумен және кінәлілерді жазалау. Бұл қаржылық бақылаудың ең терен әдісі, ол қаржылық есептіліктің шынайылылық дәрежесі мен оның қаржылық заңнамага сәйкестігін анықтау мақсатында алғашқы, туынды құжаттардың барлығын тексеруді қарастырады.

Тексерістер экономикалық субъектінің жоғарғы түрған органның бақылау-тексеріс аппараты тексеретін ведомстволық; экономикалық субъектінің олардың ведомстволық қатысына тәуелсіз, мемлекеттік бақылаудың бақылау-тексеріс аппараты тексеретін ведомстводан тыс болуы мүмкін.

Тексеріс шаруашылық ішінде болуы мүмкін, онда кәсіпорын әкімшілігімен жекелеген бөлімшелердің жұмысы тексеріледі.

Ұйымдастыру белгісі бойынша тексерістер жоспарлы (бекітілген жоспар бойынша) және жоспардан тыс (кездейсок) болады.

Тексеру және жоғары түрған органдар жоспарды екі жылда бір реттен кем жасамайды. Жоспардан тыс тексерістер кәсіпорындардағы істің қолайсыз ахуалымен байланысты, талантараждық фактісі анықталған жағдайда, тергеу органдарының сұранысы бойынша жүргізуі мүмкін. Осындай тексеріс материалдарды тергеу органдарына кінәлілерді табуга, ұрлық әдісі мен көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Қамту толықтығына байланысты тексерістер кешенді, кешенді емес және тақырыптық, жаппай, іріктемелі және аралас, толық және бөлшекті болуы мүмкін.

Кешенді тексерістер барысында кәсіпорын қызметінің барлық тарараптары кәсіпорынның ерекшеліктерін, оның техникасын, технологиясын, өндірісті ұйымдастыру мен оның экономикасын билетін тексеруішілер бригадасы тексереді. Олар кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметті жаксартудың резервтерін анықтап, оларды кәсіпорынды басқару жүйесіне ендіру үшін ұсина алады.

Кешенді емес тексерісті бір тексеруші жүргізді, ол көп жағдайларда бухгалтерлік есеп сұрақтарын ғана қамтығандықтан тиімді емес.

Кәсіпорын қызметінің жекелеген тарараптарын тексеру, жекелеген кемшиліктерді жою үшін жүргізілетін тексеріс тақырыптық деп аталады.

Жаппай тексерісте маңызды бұзушылық пен қиянатшылық (теріс пайдаланушылық) жасалынған жағдайда тексеріс кезеңнің барлық мәліметтері тексеріледі. Іріктемелі тексеріс жекелеген уақыт аралығындағы тексеруді қарастырады, мысалы тексерілетін жылдың бір тоқсанын текеру.

Араластексеріс іріктемелі және жаппай зерттеулерді үйлесіреді, яғни бір белімшелер жаппай әдіспен (мысалы, кассалық операциялар мен есеп беретін тұлғамен есеп айырысу), ал келесілері іріктемелі әдіспен жүргізіледі. Егер де іріктемелі әдісте бұзушылық анықталса, онда жаппай тексеруге өтеді.

Тексеру объектілері бойынша тексерістер құжаттар ғана тексерілетін, құжатты және түгендеудің қатысымен нақты болуы мүмкін.

Тексеріс нәтижесі бойынша акт құрастырылады, оның негізінде кемшиліктер жойылады, резервтер анықталады және кінәлілер жааланады.

Жүргізу нысаны бойынша қаржылық бақылау міндетті (сыртқы), бастамалы (ішкі) болуы мүмкін.

Қаржылық қызмет сферасы бойынша бақылаудың келесі түрлерін ерекшелейді:

- бюджеттік;
- салыктық;
- валюталық;
- несиелік;
- сақтандырушылық;
- инвестициялық;
- ақша массасына.

Ақпараттық қамтамасыздығы бойынша қаржылық бақылау құжатты (жанама) және нақты болып бөлінеді.

Құжатты бақылау шаруашылық операциярының мәні мен шынайылығын алғашқы құжаттардың мәліметтері негізінде белгілеуді қарастырады. Мысалы өндіріс жоспарының орындауды мен өнімді еткізу есеп пен есептілік мәліметтері бойынша анықталады. Мұндай бақылауды камералды тексеру деп атайды.

Нақты бақылау объектінің нақты ахуалын өлшеу (өлшеу, салмақтау, зертханалық талдау және т.б.) жолымен анықтауды

қарастырады. Накты қаржылық бақылау объектілеріне кассадағы накты ақша, негізгі құралдар, материалдық құндылықтар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім жатады.

Есептеуіш техникасының жаңа түрлері, жаңа ақпараттық жүйелер, ақпаратты өңдеудің жаңа әдістері мен ақпараттық менеджмент қаржылық бақылау нысаны мен әдістерін түрақты жетілдіруге негіз болады.

Бақылау процесінде экономикалық зандарталаптарының орындалуы, жалпы ұлттық өнім мен ұлттық кірісті бөлу үйлесімділігінің онтайлылығы, бюджеттердің құрастыру мен атқарылуы, қаржылық жағдай типі, еңбек, материалдық, қаржылық ресурстардың тиімді пайдалану деңгейін және басқа бағыттарды тексеріледі.

Қазақстанда казіргі кездегі ерекшелегі қаржылық бақылау жүйесінің маңызды кемшиліктері бар, функциялардың косарлануының және параллелділік элементтерінің болуымен сипатталады.

### 8.3.

#### Қазақстан Республикасындагы қаржылық бақылау органдары және олардың функциясы

Сыртқы бақылауды республикалық деңгейде Есеп комитеті, жергілікті деңгейде – маслихаттардың тексеру комиссиялары іске асырады. Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті, үкімет шеңберінде ішкі бақылау органды бола отырып, сонымен қатар жергілікті мемлекеттік органдардың сыртқы бақылау органды болып та табылады. Сонымен қатар ішкі бақылауды мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметі іске асырады, бұл мүдделер қақтығысына әкеледі. Осының салдарынан мемлекеттік қаржылық бақылау әдістемесін әлемнің алдыңғы қатарлы елдері сияқты жетілдіру тапсырмасын шешу талап етіледі.

Үкімет тараپынан қажетті бақылаудың болмауы кірістерінің көлемі аса көп сандармен сипатталатын ұлттық компания басшыларының теріс пайдаланушылығына әкеліп соқтырады.

Ішкі бақылау бойынша Қазақстан Республикасы үкіметінің өкілі республикалық және жергілікті бюджеттер қаржаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланғандығын бақылауды; бюджеттік кредиттер мен мемлекеттік кепілдікті ұсынуға бақылауды; салықтық емес түсімдердің толықтығына бақылауды; мемлекеттік қаржылық бақылау стандартына бақылауды және т.б. іске асырады.

Ішкі бақылау қызметтері мемлекеттік органдары қызмет бағыттары бойынша бақылауды; басқару жүйесінің қызметін бағалауды; заңнаманың сақталуын тексеруді; стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын бақылауды іске асырады; бұзушылықтарды анықтайды, басшыға бақылау нәтижесі туралы есеп пен мемлекеттік орган қызметін жақсарту бойынша ұсыныстарды ұсынады. Бюджеттік қаржаттарды жұмысаяға мемлекеттік қаржылық бақылауды ішкі бақылау бойынша органдың өкілетті орган мен ішкі бақылау қызметтері іске асырады.

Ішкі бақылау бойынша органдың өкілетті орган бірқатар өкілдерге ие:

- қаржылық есептілік пен мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінің жергілікті бюджет шығыстарын пайдалану тиімділігінің сәкестігіне бақылауды іске асырады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттердің қаржаттарын мақсатсыз, негісіз және тиімсіз пайдалануын анықтау, жолын кесу мен жол бермеу бойынша шараларды қолдану;
- бақылаудың сәйкес жоспары мен актілерін хабарлау үшін республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау бойынша Есеп комитетіне, маслихаттардың тексеру комиссияларына бағыттайтыды;
- мемлекеттік қаржылық бақылау объектісіне бағытталған нұсқамалар мен бақылау шараларының нәтижесі бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды іске асырады;
- ішкі бақылау облысында мамандар біліктілігін көтеру мен қайта даярлауды ұйымдастыру;

- ішкі аудит кызметі бар мемлекеттік органдардың есептерін, ішкі бақылауды жүргізу жоспарлары мен нәтижелерінің орындалуы туралы есептерді қарастырады;
- құзіреттілігі шеңберінде мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық түріндегі үйымдардың жергілікті бюджеттерге салықтық емес түсімдерінің толық және уақтылы енгізуі туралы сұрақтары бойынша бақылауды іске асырады;
- мемлекеттік мекемелердің тауарларды өткізуден түскен, олардың иелігінде қалған ақшаларын қалыптастыру мен пайдалануына бақылауды іске асырады;
- мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларының әрекеттерінде республикалық және жергілікті бюджеттер каражаттарын пайдалануда қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзы фактілері анықталса, бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын өкілетті органдарға береді;
- мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінен белгіленген мерзімде керекті құжаттарды, анықтамаларды, бақылауды жүргізумен байланысты сұрақтар бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұрау және алуға;
- төтенше мемлекеттік бюджеттің аткарылуын бақылауга қатысады;
- бақылауды жүргізуге мемлекеттік органдардың сәйкес мамандарын, қажет болған жағдайда аудиторларды немесе аудиторлық үйымдар мен сарапшыларды, олардың кызметін осы мақсатта республикалық бюджеттен бөлінген каражаттар шеңберінде төлеу арқылы шақырады;
- ішкі бақылау кызметінің бақылау актісін талдайды және олардың кызметінің тиімділігін көтеру бойынша ұсыныс береді;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқадай өкілеттіліктерді іске асырады.

Ішкі бақылау кызметі бақылау жоспарын құрастырады, орталық мемлекеттік орган басшысына жоспардың орындалуы туралы есепті ұсынады.

Ішкі бақылау кызметін құруға рұхсат етілетін мемлекеттік орган тізімі Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін түбекейлі өзгерту керек. Республикалық бюджет кірістері мен шығыстарын, мемлекеттік активтерінің тұракты кеңіп отырған кірістер көлемін толық қамту және оларды атқаруда ашықтық беру үшін сыртқы қаржылық бақылауды күшеттуді талап етеді. Бұл үшін Есеп комитетін әдістемелік және институционалды нығайту, мамандардың қасіби деңгейін көтеру, оның штатын ұлғайту талап етіледі. Сонымен қатар маслихаттардың тексеру комиссиясын нығайтып, жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыру өкілеттігін беру, олардың материалды-техникалық базасы мен штатын нығайту керек.

Сонымен қатар маслихаттардың тексеру комиссияларының Есеп комитетімен қарым-қатынасының жаңа сыйбасын тұзу керек. Тексеру комиссияларының рөлін нығайту маслихаттарға, әкімшіліктер мен Үкіметке түсетін мәліметтердің саласы мен жеделдік деңгейін көтереді және президент пен парламентті аймактардағы жағдай туралы толық хабардар етуге мүмкіндік береді.

Казіргі кезде Жогарғы бақылау органдарының ассоциациясы құрылған, оның құрамына облыстар, Алматы және Астана қалаларының маслихаттарының тексеру комиссиялары енген.

Республикада ішкі қаржылық бақылауды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек. Қатаң бюджеттік және салық пәнін бақылауды қатаандату жолымен сақтауға қойылатын талап әрбір мемлекеттік органдың ішіндегі сәкес кызметтерді күшету қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ішкі бақылаудың бірінғай әдістемесінің сақталуына мониторинг жасаудың орталығы болуы, ішкі бақылау органдары кызметтерін сертификациялауды үйімдастыруы керек.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының штатты салын қысқарту, оларды ұстауға кететін шығыстарды төмендету, артық тармақтарды жою керек. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру процесінде қаржылық бақылау органдарының функциялары мен өкілеттілігін нақтылау мен қайта бөлу, олар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл механизмінің тиімділігін көтеруге әкеледі.

Қаржылық бақылау процесін іске асыру келесі принциптер негізінде жүргізіледі:

- бір қалыптылық, субъектілердің ез жұмыстарын бақылауды жоспарлар жүйесі негізінде жүргізетінін білдіреді;
- жүйелілік, тік және көлденен байланыс жүйесінде бақылаудың барлық объектілерінің қайсібір экономикалық жүйенің элементі ретінде қарастырылуы керек екенін білдіреді;
- үздіксіздігі, бақылаудың барлық объектілерінің алдын-алу, ағымды және кейінгі бақылаудан өтуі керек екендігін білдіреді;
- заңдылығы, бақылау органдарының экономикалық шындық фактілерінің елдің заңнамасына сәйкес келуін тексеруі және оны өздерінің сактауы керек екендігін білдіреді;
- объективтілігі, тексерілетін экономикалық күбылыстарға объективті қатынасты қарастырады;
- тәуелсіздігі, бақылау субъектісіне кез-келген жерде жол бермеуді белгілейді;
- жариялыштырылғы, анықталған фактілердің тексеріліп отырған үйім мен мемлекет үшін анықтырылғы;
- тиімділігі, ауытқуларды анықтаудың уақыттылығы мен толықтығынан және кемшіліктерді шүғыл түрде түзетуден көрінеді;
- сонымен қатар, әмбебаптылық, әрекеттілік, шүғыл шына-йылыштырылғы, негізділік, жариялыштырылғы, құқыққа сәйкестілік принциптері.

Қаржы пәні – бұл қаржы қатынасының барлық қатысуышыларының мемлекеттік ақшалай қаражаттарды қалыптастыру, бөлу және пайдаланудың белгіленген тәртібін қатаң және

дәл сақтауы, сонымен қатар мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындауы.

Қаржылық міндеттемені орындау мен қаржы пәнін сақтауды қамтамасыз ету құралы болып бұзушыларды жауапқа тарту (қаржы-құқықтық, әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық) табылады.

Қаржы заңнамасы бұзушыларға төмендегі шаралар қолданылады:

- әрекеттің заңға қайшылығын ескерту;
- шығыстарына банк есеп шотына тыйым салу нысанына немесе ол бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру арқылы кедергі қою;
- бюджеттік қаражаттарды алып қою;
- бюджеттік қаржыландыруды тоқтату және бюджеттік асигнацияларды кайтару;
- бюджеттік несиелерді тоқтату және несиені мерзімінен бұрын өндіріп алу;
- заңды операциялар мен мәмілелерден түсken кірісті бюджетке алу;
- заңды тұлғаны банкрот деп тану немесе оны лицензиясеннан айыру;
- айыппул немесе өсім нысанындағы қаржы-құқықтық санкцияларды қолдану.

Егер де бақылау пәні ретінде заңды тұлғаның мемлекет алдындағы қаржы міндеттемесі болса, бірақ тексеруді мемлекеттік қаржылық бақылау органы емес, осы немесе жоғары заңды тұлғанының өкілдері жүргізсе, онда мұнданай бақылауды мемлекеттік деп атауға болмайды. Егер де мемлекеттік қаржылық бақылау органы, мысалы, мемлекеттік қажеттілікке өніммен жабдықтау келісім шартының орындалуын тексерсе, бақылау қаржылық емес, мемлекеттік болады. Егер де ҚР ҰБ жеке банктердің мемлекеттің нұсқанамасын орындауын тексерсе, осы бақылаудың түрі де қаржылық болып есептелмейді.

Қаржы – бұл қаржылық қызметтің туындысы, ал қаржылық бақылау осы қызметтің элементі болып табылады және мемлекеттік қаржылық бақылау пәні болып ақша немесе бақылау объектілерінің шаруашылық қызметі емес, олардың мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерін орындауы саналады.

Қаржылық бақылаудың қазіргі заманғы тенденцияларын ерекшелеге болады:

- жалпы ішкі өнім көлеміне, ақша массасы көлеміне, мемлекет иелігіне түсстін ақшалай қаражаттар қорын қалыптастыру мен пайдалануға мемлекеттік қаржылық бақылау сферасы тарылады (ол макроэкономикалық процесстер сферасына көбірек шоғырланады);
- бір мезгілде жеке аудиторлық фирмалар, несие ұйымдары таралынан мемлекеттік емес бақылаудың әрекет сферасы кеңейеді;
- кейінгі бақылаудан алдын ала бақылауға қозғалыс болады.

Қаржылық бақылаудың одан әрі дамуы демократиялық мемлекетке тән жаңа заңнама базасын құруға тәуелді болады.

Қаржылық бақылау қаржы ғылыминың дифференциациясының қазіргі сатысында жеке қаржы пәніне бөлінеді.



### *Бақылау сұрақтары:*

1. «Қаржылық бақылау» түсінігіне аныктама берініздер.
2. Қаржылық бақылаудың маңсағтарын анықтаңыздар.
3. Қаржылық бақылаудың тапсырмаларын анықтаңыздар.
4. Қаржылық бақылау субъектілерін атаңыздар.
5. Қаржылық бақылау объектілерін атаңыздар.
6. Қаржылық бақылау түрлерінің жіктелімін көлтіріңіздер.
7. Коммерциялық кәсіпорындардағы қаржылық бақылау ерекшеліктерін атаңыздар.
8. Мемлекеттік мекемелердегі қаржылық бақылау нысандарын атаңыздар.
9. Қаржылық бақылаудың Қазақстан Республикасы нысандарының даму болашагы қандай?
10. Қаржы пәніне түсініктеме берініз.



## **ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚАРЖЫСЫ**

9-тарау. Экономикалық субъектілер қаржысының жұмыс істеу негіздері .....	268
10-тарау. Коммерциялық негізде әрекет ететін экономикалық субъектілердің қаржысы .....	296
11-тарау. Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің қаржысы.....	326